

Арнайы сан

1997 жылдың 12 наурызынан бастап шығып келеді

85 АЛТЫН АСУДАН — АБЫРОЙ БИГІНЕ



ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Құдайберген Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетіне биыл 85 жыл толды. Сексен бес жылдық тарихында еліміздегі талай тағдырлы кезеңдердің, әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің куәсі болды. Республикадағы жоғары білім беру жүйесінде өзіндік орны бар, уақыт талабына сай бәсекеге қабілетті білікті мамандар даярлайтын оқу орны бүгінде халықаралық академиялық байланысын нығайтып, әлемдік білім кеңістігінен лайықты межесін бағындыруға күшжігерін салуда.

Тарих – біздің істеріміздің өткенінің куәсі, қазіргіміздің үлгісі

мен өнегесі, ал болашағымыздың асыл қазынасы.

Оқу орнының іргесі сонау 1935 жылы жоғары білім беретін екі жылдық Ақтөбе мұғалімдер институтынан бастап қаланған. Алғашқы жылы ашылған тарих, физика, математика мамандықтарына 81 студент қабылданған екен.

Ал қазір университетте 15 мың білім алушы оқиды. 8 факультеті, магистратура, докторантура бөлімдері, көпсалаулы 14 мамандық бойынша оқытатын Жоғары колледжі, Инновациялық технологиялар паркі бар тұғыры берік оқу орны. Мұнда 78 бакалавриат, 40 магистратура және 6 докторантура білім бағдарламасы бойынша маман даярланады. Сапалы

білім беру жолында 2 мыңға жуық профессор-оқытушы құрам еңбек етеді. Оның 100-ден астамы жас буын PhD мен магистрлер. Әлемнің 130-дан астам ЖОО-ларымен ынтымақтастық қатынастамыз.

230 кәсіпорынмен іскерлік келісімде жұмыс жасаймыз. Университеттің материалдық базасы нық. Әлеуметтік жағдайы тұрақты. Білім алушылар жатақханамен толық қамтылған. Университет базасында екі Студент, бір Жастар үйі бар. Жастар сарайы, Студенттер сарайында жастарға мәдени-танымдық тәрбие беру нысандары қызмет етеді. Оқу кабинеттері заманауи озық технологиямен жабдықталған. Кітап қоры 1,5 млн. асатын Ғылыми кітапханамыз бар. Түлектеріміздің

95 пайызы жұмысқа орналасады. Қазақстанның көшбасшы ЖОО рейтингінде 4-ші, алдыңғы орындамыз.

Осындай еселі еңбегіміздің зейнеті бізді алдағы асулардан абыройлы өтуге жетелейді. Мақсатымыз күн талабына сәйкес, жақын болашақта Smart университет моделіне қол жеткізу. Бұл бағытта орта сатыдан астық.

Мен бүгін тарихы мен тағлымы терең бұл оқу орнына ректор етіп, игі істердің басында болуға мүмкіндік берген тағдырыма және бастамаларыма қолдау көрсететін, білікті және ізгілікті маман даярлау ісіне аянбай тер төгіп, өмірін бағыштап жүрген университеттің барша ұстаздары мен қызметкерлеріне ризашылығымды білдіремін. Университет жастармен жарқын. Бізде оқуға таңдау жасап, студенттік жастық шақтарын сапалы, саналы өткізуге бел буатын әр білім алушыға рақмет айтамын. Жеткен асуымыздың шынарынан күлімдей тұра, барша Ақтөбе халқын өңірдегі тұңғыш жоғары оқу орны, Құдайберген Жұбанов атындағы өңірлік университетінің мерейлі, 85 жылдық мерекесімен құттықтаймын! Біз 85 алтын асудан абырой биігіне көтеріле беретінімізге сенеміз!

Бауыржан ЕРДЕМБЕКОВ,
Zhubanov University ректоры,
филология ғылымдарының
докторы, профессор





ZHUBANOV
UNIVERSITY

Yesterday

Zhubanov University Қазақ КСР ХКК-нің 1931 жылдың тамыз айындағы жалпыға бірдей 7 жылдық білім беруді енгізу туралы қаулысы, Қазақ КСР-і Халық ағарту комиссариатының №163 қаулысы, 1934 жылғы 13 желтоқсандағы Ақтөбе облыстық БКП(б) бюросының №65 қаулысы негізінде жоғары білім беретін екі жылдық Ақтөбе мұғалімдер институты ретінде құрылған.



На основании постановления НКС КазССР от августа 1931 года о введении семилетнего общего образования, постановления №163 комиссариата народного просвещения Казахской ССР, постановления №65 Актыбинского областного бюро ВКП (б) от 13 декабря 1934 года Zhubanov University был организован в качестве двухгодичного Актыбинского учительского института.

On the basis of the decree of the People's Commissariat of Communications of the Kazakh Soviet Socialist Republic of August 1931 on the introduction of a seven-year general education, decree No.163 of the Commissariat of People's Enlightenment of the Kazakh SSR, decree No. 65 of the Aktope Regional Bureau, the All-Union Communist Party of Bolsheviks of 13 December 1934, Zhubanov University was organized as two-year Aktope Teachers' Institute.

✓ Veteran teachers

Тағдырған енші



Әдебиет Молдаханұлы 1936 жылы 6 маусымда Шығыс Қазақстан облысының, Ұлан ауданындағы Түкіл аулында дүниеге келген. 1955 жылы бұрынғы ел астанасы – Алматыға келіп, Абай атындағы педагогикалық институтының тарих-филология факультетіне түсіп, оны 1960 жылы бітіреді. Студенттік жылдарында академик Қ.Жұмалиевтің, профессор, Кеңестер Одағының Батыры М.Габдуллиннің дәрістерімен сусындаған. Жоғарғы оқу орнын бітіргесін, екі жыл Шымкент облысы, Сарыағаш ауданындағы Сырдария орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті және тарих пәнінен сабақ береді. Одан соң өзі бітірген оқу орнының қазақ әдебиеті мамандығы бойынша аспирантураға түсіп, оны 1965 жылы аяқтайды. 1966 жылы Ақтөбе педагогикалық институтына жолдамамен келіп, 1989 жылға дейін институттың философия және ғылыми коммунизм кафедрасының оқытушысы, аға оқытушысы, доценті, 1979-1980 оқу жылында орыс филологиясы факультетінің деканы, 1990-92 жылдары жаңадан ашылған қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, әрі қазақ филологиясы факультетінің тұңғыш деканы болып қызмет атқарады. 1967 жылы «Мұхтар Әуезов – фольклортанушы ғалым» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап шығады. 1993-1998 жылдары Әдебиет Молдаханов туған жеріне барып, Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінде қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі қызметінде еңбек жолын жалғастырады. 1998 жылы сәуір айында ҚР ҰҒА М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының ғылыми кеңесінде «Мұхтар Әуезов және фольклортану проблемалары» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғайды. 1998 жылы Ақтөбеге қайта оралып, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінде қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды.

Есімі затына сай Әдебиет ағайынның, Әдебиет Молдахановтың тағдырдан еншісі — ӘДЕБИЕТ. Профессор бүгінде еңбегінің зейнетіне бөленіп, құрметті демалыста. Десе де әдебиет әлеміне әлі елеңдейді. Өткен жылдары университет ректоры Бауыржан Ердембековке жолығып, әдебиет жайлы толғады. Өзі жарты ғасырдан астам еңбек еткен филфактың абайтану ғылымына қосып отырған үлесін ескере отырып, осы бағытта ізденушілердің ойын тоғыстырып, басын біріктіретін абайтану кабинетінің аясын кеңейтуге қамқор болуын өтінді. Ұлағатты ұстаз қалауы ескерусіз қалмады, көп ұзамай «Абайтану және ұлттық руханият» ғылыми-зерттеу орталығы ашылды, оған Әдебиет Молдаханов том-том кітаптарын сыйлады.

Профессор Ә.Молдахановтың ғылыми-педагогикалық қызметі сонау 1966 жылы басталды. Алдынан өткен шәкірттерінің өзімен үзеңгілес болып қалғаны кейде таңыр-

қатады. Шіркін, зымыран уақыт-ай. Студенттерінің ішінде елге танымал мемлекет қайраткері Елеусін Сағындықов, Ақтөбе облысы әкімі Оңдасын Оразалин бір төбе. Әрине, сосын ғылым жолына жетектеп, тұсауын кескен ғалым-шәкірттері ұстаз өмірінің ажырамас бөлігі. Алайда, оның ет жақыны — ӘДЕБИЕТ. Шын сүйіп, қызығып, құмарланса әдебиеттің берер жажабы мол. Жаны жаңашыл жан әдебиеттен өз соқпағын іздеді. Абайды, Шәкәрімді, Әуезовті зерттеді. Үш әдебиет алыбының шығармашылық, туысқандық үйлесіміне назар аударды. Көп зерттелген бұл ғылыми нысандардан жаңа сипат табуға ұмтылды. Тапты. Сөйтіп, ол Мұхтар Әуезовтің фольклортанушылық қырын ашты.

Ғалым-педагогтың фольклортану, абайтану, шәкәрімтану, әуезовтану, эпостану саласындағы ғылыми зерттеулері бірнеше монографиялар, ғылыми жинақтар болып шығып, ғылыми ортада оң

бағаланды, 200-ге жуық мақалалары мерзімді басылымдарда жарық көріп, көпшілікке таныстырылды. Профессордың ЖОО оқу дерісінде кеңінен қолданысқа енгізілген «Абай, Шәкәрім, Әуезов дәрістері» оқулығы филолог-студенттердің қолда жүретін маңызды оқулығы. Сондай-ақ білім алушыларды оқу-әдістемелік қамтамасыз ету ісін жеңілдету мақсатында «Мұхтар Әуезов – фольклортанушы», «Көркем шығармадағы фольклорлық дәстүрлер», «Қазақ эпосының генезисі, типологиясы, эволюциясы, поэтикасы», «Абайтанудың, шәкәрімтанудың және әуезовтанудың беймәлім беттері» т.б. элективті пәндерін университетте алғашқылардың бірі болып электрондық оқулыққа айналдырды.

Ғалымның мәнді өмірінің мұңды тұстары да бар. Ол қырық жыл бойы шығыстағы туған жерге, ағайын-туысқа, құлын-тайдай бірге өскен құрдастарына деген шексіз сағынышын ішқұса боп, өзімен



ӘДЕБИЕТ

алып жүрген. Осы мезгіл арасында дәм-тұз тартпады ма, бір реті болмаған.

«Қырқыншы жылдардың соңы, елуінші жылдардың алғашқы кезеңінде алапат соғыстан кейінгі ел жадау, күйзеліс әрі ертеңгі өмірге үміт пен талпыныс үстінде еді. Ол кезде біздің үй ішіміз Шымқорадан 8-10 шақырымдай жерде, Қызылтас тауының етегінде Ынталы, Мәметек ауылдарында тұрды. Жанұяда анам, кішкене қарындасым, әжем — төртеуіміз едік. Менің еркелігім мен тентектігімнің бәріне тәзіл, тілегімді екі етпей орындайтын әжем болатын. Өңкей қара домалақ балалар ауылдан 2-3 шықырымдай жердегі Ұланның бойына жиналып, таңертеңнен кешке дейін балық аулайтынбыз. Мұнда Көрпелбай ауылының балалары да келетін» деп еске алады балалық шағының ең бақытты сәттерін ол.

Әкесі Итбаев Молдахан кезі ашық, сауатты адам болған. Ел басқарыпты, 1929 жылы Ұлан ауданы құрылғанда аудандық атқару комитетінің төрағасы қызметін



ұлттық педагогикалық университеті) тарих-филология факультетіне түсіп, ойдағыдай тәмемдайды. Жолдаманы туған ел жаққа алғысы келетінін айтқанда әкесі қолдамай, түнеріп, ойға батып тұрып «Балам, тілімді алсаң, ол жаққа барма. Ел іргесі сөгілген, азаматынан ынтымағы мен ауызбірлігі кеткен 37-ші жыл ойымды тарылтып, ұмтылысымды тежеді, көп жақсылықтан құралақан қалдырып, түңілдірді. Сен елім деп еңіреп барасың, бір адамдай еңбек те етерсің, құрбыларыңның алды болмасаң, соңында қалмасың. Оған сенемін. Бірақ сол көпшілік

ді. «Шынында да, ата қоныс – алтын бесік екен ғой. Алыстан мен мұңдалап асқақтаған Қызылтас, Айыртау, оның баурайындағы айнадай жарқыраған Мәкет көлі, табиғаты өңденіп, құлпырып, жасара түскен жон алқабы, сылдырап аққан сансыз бұлақтар, қарт Қалба сілемдері, сәби кезімнен есімде қалған көмексі суреттерді көз алдымнан қайта өткізген сәттерім, болып, жүрегіме қуаныш, жан дүниеме әсерлі рухани азық сыйлады.

- Туу, Қалба баурайы жер жәннаты екен ғой, бала кезімде осыншама ғажап сұлулықты қалайша байқамағанбыз, - деп лепірген көңіл қуанышын сыртқа шығарыппын» дейді сол толқынысты жүрегімен қайта кешіріп.

Профессор Ә.Молдаханов 1998-2008 жылдары Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің жанындағы К.14.44.03 Диссертациялық кеңестің мүшесі болды, оның жетекшілігімен кандидаттық диссертациялар қорғалды. Сол жылдары Zhubanov University Қазақ әдебиеті кафедрасы Республикада 10.01.09-Фольклортану мамандығы бойынша ғылыми диссертацияларды талқылайтын жетекші ұйым қызметін атқарды. Ә.Молдаханов – Қазақ ССР халық ағарту ісінің үздік қызметкері, Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері. Ұзақ жылғы ұстаздық еңбегі мен қоғамдық қызметінің нәтижесінде 2007 жылы «Ақтөбе облысының жыл адамы» атағы берілді.

Әдебиет Молдаханов есімі ұлттық әдебиеттану тарихынан өз орнын алды, ол өз биігінің шыңына жетті. Ғалымның пайымы терең зерттеулеріне қаныққан біртуар қазақ әкадемигі, марқұм Рахманқұл Бердібай оны «Халықтанудың маманы» деп мойындаған. Ғалым туғырын құрып, алғашқы деканы болған филология факультеті мен көп жылдар меңгерушілік міндетін атқарған Қазақ әдебиеті кафедрасының заман талабына сай қалыптасу кезеңдеріне сүйсініп, әрқашан қуанып отырады. Ол тағдырдан алған еншісі – ӘДЕБИЕТІНЕ әлі адал.

Гүлнара Дауылбайқызы



Yesterday

Институттың негізгі міндеті өңірдегі орта мектептер үшін жоғары білікті мұғалім кадрлар дайындау болды. Алғашқы директор қызметіне Нұғман Залиев (1934-1936 жж.) бекітілді.



Основной задачей института была подготовка высококвалифицированных педагогов для средних школ региона. Первым директором был назначен Нугман Залиев. (1934-1936 гг.)

The main task of the institute was to train highly qualified teachers for secondary schools in the region. Nugman Zaliyev was appointed the first director. (1934-1936)



1935 жылы институттың профессорлық-оқытушылық құрамында 1 профессор, 1 доцент, 10 оқытушы болды.

1935 году в профессорско-преподавательском составе числились 1 профессор, 1 доцент, 10 преподавателей.

In 1935, the teaching staff included 1 professor, 1 associate professor, 10 teachers.



атқарған. Өкініштісі інісі Әбдірахман екеуі 1937 жылы құғын-сүргінге ұшырап, «Халық жаулары» деген жалған жаламен сотталып кетеді. Әбдірахман да білімді, ақындық өнері бар, ән-күйге жақын, жігітті сырбазы болған екен. Жазықсыз атылып кетеді. Әкесі Молдахан сталиндік лагерь құрсауынан тірі оралғанымен, елге бетін бұрғысы келмей Қызылордаға қоныстанды, 1941 жылы Ұлы Отан соғысына аттанып, Кеңестер Одағының маршалы Г.К.Жуков қолбасшылық жасаған, бірінші Белорус майданы әскерлерінің құрамында Берлинді алуға қатысады. Ал елге 1948 жылы оралған әкесі Қызылорда қаласындағы аяқ киім фабрикасының директоры қызметінде абыройлы, адал еңбегін жалғастырады.

Жасөспірім Әдебиет әкесінің қолына барып тұрады. Осылайша туған жер төсінен ұзақ жылдарға ажырайды.

Орта мектепті бітіргесін Алматыда жол тартып, Абай атындағы педагогикалық институтына (қазіргі Абай атындағы Қазақ

ішінде де неше түрлі пенделер бар ғой. Бірі болмаса, бірі өзіңе қатыездікпен: «Сен халық жауының тұқымысың, әкең сотталған» дегендей әумесерлік сөздер айтса, тірідей өртеніп, ақтай қараймайсың ба? Тән жарасы жеңіл, жан жарасы ауыр. Кімнің аузына қақпақ қоярсың. Кішкентайыңнан көрген жетімдік қасіретің де бір басыңа жетіп жатыр. Енді бұдан былай ондай жаманшылықтың бетін Алла тағала бізден әкетсін» — дейді. Әке ақылын алып, еңбекке жолдамасын Шымкенттегі мектепке алады. Әрі қарай ғылым-ілім қуған жылдар басталады. Аспирантурада оқуы, ғылыми атақ алуы. Сосын Ақтөбе педагогикалық институтындағы педагогтық қызметінің бастауы. Отбасын құруы. Балаларының дүниеге келуі. Таңы арайлы Ақтөбеде тапжылмай 50 жылдан астам еңбек етуі. Өзінің ғылыми мектебін қалыптастыруы. Ең қуаныштысы бір кезде арман-тілегі адам қолымен үзілген өке үмітін ақтауы, сенімінен шығуы. ...Ол туған жермен сағынысып көріскен сәтін былайша бейнелей-



Yesterday

Алғашқы оқу корпусы Ақтөбе облыстық әскери комиссариатының ғимаратында оқу пункті ретінде 12 бөлмеде орналасты (бұрынғы Покровская, кейінгі Красноармейская көшесіндегі №44 үй, қазіргі №6 қазақ орта мектебімен Орталық базар аралығындағы «Арай сауда орталығы» ғимараты).



Первый учебный корпус расположился на базе здания Актобинского областного военного комиссариата. Он представлял собой учебный пункт из 12 кабинетов (бывшая ул. Покровская, переименованная ул. Красноармейская, дом №44. Ныне, здание торгового центра «Арай», расположенного между казахской средней школой №6 и Центральным рынком).

The first educational building is located on the basis of the building of the Aktobe regional military commissariat. It was a training center with 12 rooms (formerly Pokrovskaya St., renamed to Krasnoarmeyskaya St., house No. 44. Now, the building of the «Arai» shopping center, located between the Kazakh secondary school No. 6 and the Central Market).



✓ Star University Graduates

Елеусін Наурызбайұлы Сағындықов 1947 жылғы 1 мамырда Ақтөбе облысы Қобда ауданы Қызыл Ту ауылында дүниеге келген. 1965 жылы Темір индустриялық-педагогикалық техникумының студенті, оқытушысы болып еңбек етеді. 1969 жылы Кеңес әскері қатарында шақырылады. 1971 жылы Ақтөбе қаласындағы КТУ-100 оқытушысы, өндірістік оқыту шебері, 1974 жылдан бастап ҚКТУ-107 директорының оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары қызметінде болады. 1977 жылы Ақтөбе облыстық кәсіби-техникалық білім беру басқармасы бастығының орынбасарлығына тағайындалады.

1977 жылы Ақтөбе педагогикалық институтына түсіп, математика пәнінің мұғалімі мамандығын иеленеді. 1980 жылдан Ақтөбе облыстық партия комитетінің нұсқаушысы, 1985 жылдан Ақтөбе облыстық кәсіби-техникалық білім беру басқармасының бастығы, 1988 жылдан Ақтөбе облыстық партия комитетінің идеология бөлімінің меңгерушісі. 1990 жылы Батыс Қазақстан ауылшаруашылығы институтында инженер-механик мамандығында оқиды. Одан соң Ақтөбе облыстық халыққа білім беру басқармасының бастығы, 1992 жылдан — ҚР білім министрінің орынбасары қызметтерін атқарды. 1995 жылдан — Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары, 1996 жылдан — Ақтөбе қаласының әкімі. 2001 жылы экономика ғылымдарының докторы ғылыми атағын алады. 2002 жылдан — ҚР Парламенті Сенатының депутаты, 2004-2011 жылдары Ақтөбе облысының әкімі. 2012 жылдан бастап Ақтөбе облысынан сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, Экономикалық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі.

80-нен астам ғылыми мақала мен еңбектің авторы. Оның «Адами даму концепциясының негізіндегі аймақтың еңбек әлеуетін стратегиялық жоспарлау» және «Аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуын басқару» оқулықтары кезінде оқырман тарапынан оң бағаланып, жоғары оқу орындарының оқыту процесінде пайдаланылды.

Елеусін Сағындықов «Құрмет» (2001), II дәрежелі «Барыс» ордендерімен, II дәрежелі әулие Сергей Радонежский орденімен, медальдармен, оның ішінде «Ерен еңбегі үшін» (РФ); «КСРО кәсіби техникалық білім беруді дамытуға сіңірген еңбегі үшін», «Қазақ тілі» халықаралық қоғамының «Ана тілі» Құрмет белгілерімен марапатталған. ҚР Құрметті спорт қайраткері. 2006, 2009 жылдардың Жыл әкімі атанды. Қазақстанның Құрметті жол салушысы. Бокстан КСРО спорт шебері, 1985-2005 жылдары Ақтөбе облысы Бокс федерациясының президенті болды.

АҚТӨБЕНІҢ СҮЙІКТІ ҰЛЫ



Белгілі қоғам және мемлекет қайраткері, Ақтөбе облысын басқарған әкім, экономика ғылымдарының докторы, профессор Елеусін Сағындықов Zhubanov University түлегі, математика мұғалімі мамандығы бойынша білім алған. Өткен жылдың желтоқсанында Ақтөбеге сапарлап келген ол университетке арнайы соғып, жастық шағының куәсі болған жандармен кездесіп, көңілін бір серпіді. Құрметті қонақты ақжарқын көңілмен қарсы алған ректор Бауыржан Ердембеков соңғы жылдардағы оқу ордасының жетістіктерімен таныс-

тырды. — Университет өз түлектерімен мақтанады. Бұл оқу орнын тәмәмдаған талай маман облыстың, еліміздің дамуына үлес қосты, қоғам қайраткері атанды. Соның бірі өзіңіз боласыз. Сіздің өмір жолыңыз жастарға үлгі, — деп шынайы ықыласын білдірді. Осы кездесуде Елеусін Наурызбайұлы ұстазы Амангелді Айталымен жүздесіп, тебіреністі естеліктерімен бөлісті. Студенттік шағын, барлық ұстаздарын есіне алды.

— Ұстазым Амангелді Әбдірахманұлымен араласқаным елу жылдан асты. Көп естеліктер ай-

туға болады. Қазақстан Республикасы Мәжілісінің депутаты болғанда елдік, ұлттық құндылықтар, қарапайым бұқараның мүддесіне қатысты өзекті мәселелерді талқылады. Парасатты да батыл пікірлерімен халықтың ықылас, құрметіне бөленді. Өбекең — үлкен жүректі, парасатты азамат. Ұстаздық ісінен бөлек, ғылым жолындағы еңбектері бір төбе, — деп Елеусін Наурызбайұлы жуырда 80 жылдық мерей тойын республика көлемінде атап өткен танымал тұлға ұстазына мықты денсаулық пен ұзақ ғұмыр тілеп, шәкірттік лебізін жеткізген еді.

Елеусін Сағындықов қазір отбасымен Нұр-сұлтан қаласында тұрады. Парламент Сенатындағы өкілеттілік мерзімі аяқталғаннан кейін, зейнет демалысына шыққан. Еліміздегі алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындары оны лекция оқуға жиі шақырады. Мұғалімдік дипломы бар, сабақ беруден тәжірибесі де жеткілікті, сондықтан өмірлік іс-тәжірибесімен бөлісуден бас тартпайды. Оның қазіргі заманғы экономика теориясына байланысты монографиялары бірқатар мемлекеттердің тілінде қайта басылып шықты. Ғылыми атақ-дәрежесі бар. «Қазір демалысымды пайдаланып, отбасына көбірек уақыт бөлемін. Балалардың әрқайсысының өз отбасы бар. Немерелерімнің бәрі қазақ мектебінде оқиды, қазақы тәрбие алуда. Олар менің кіндік қаным

тамып, туып-өскен жерім — Қобда ауданындағы Егіндібұлақ ауылына жиі барып тұрғанды ұнатады. Бір кездері жойылып кете жаздаған Егіндібұлақ қазір адам танымастай өзгерді. Туған ауылымызды көркейту үшін сол жердегі Ақбұлақтың суын ішіп, құмында ойнаған перзенттер қолдан келгенін жасап жатыр. Егіндібұлақта көше-көше қылып жаңадан салынған үйлер қаладағыдан еш кем емес. Балабақша, дәрігерлік амбулатория, дүкен, мәдениет орны, тағысын тағылар жұмыс істеп тұр. Ал мектебі тіпті ерекше. Мектеп жанында интернат бар. Мұнда жергілікті балалармен бірге Қобда, Ойыл аудандарынан да оқушылар келіп оқып жатыр. Білім беру сапасы жақсы. Бірнеше түлек мектепті «Алтын белгімен» бітіріп, жоғары оқу орындарында оқиды. Мен бүгінгі таңда облысымызда табысты атқарылып жатқан барлық іс-шараларды қолдаймын және туған өлкеміздің бұдан да биікке көтерілуі, үлкен жетістіктерге жетуі үшін күш-жігерімді де, іс-тәжірибемді де, көмегімді де беруге аянбаймын» деген еді ол Ақтөбеде 2017 жылы дүркіреп өткен «Туған жерге тағзым» форумында сөйлеген сөзінде.



бірлесіп, бас-аяғы 7 жылда ауылды танымастай етті. Сағындық бабасы, Наурызбай әкесінің рухы қалған туған ауылы – қасиетті мекені ол үшін жер жаннаты.

Елеусін Сағындықов қай қызметте болмасын соңынан сөз ермеген, көпке қамқоршы, әдіп сөзді,

шы кезінде көптеген экономикалық және әлеуметтік мәселелердің түйткілі шешілді. Тұралап қалған кейбір кәсіпорындар іске қосылды, транспортта жүруге әлеуеті әлсіз топтарға жеңілдіктер жасалды, соғыс ардагерлері мен көп балалы аналар коммуналдық төлемдерден босатылды. Қала көшелерінің атаулары қазақшаланды. Облыс орталығында ерекше архитектуралық діни орындар «Нұр ғасыр» мешіті мен «Әулие Николай соборы» православиелік шіркеуі бой көтерді. Қалада жарық мәселесі түпкілікті шешілді. Бас көшелерде жарық түні бойы жанып тұратын болды. Құрылыстарға жан бітті. Кәсіпкерлер саны артты. Олардың бірі жергілікті өнім өндірумен айналысса, екіншісі шетелдік тауарлардың сапалысын халыққа ұсынды, үшіншісі әлеуметтік нысандар салумен айналысты. Кәсіпкерлермен әкім Сағындықов жиі кездесіп, бағдар беріп отырды. Өңірді Сағындықов басқарған жылдары Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Ақтөбеге жиі келіп, оған қолдау көрсетті. Ерен еңбегіне дұрыс баға беріп отырды. Студенттік құрылыс және «Жасыл ел» отрядтары құрылып, науқан нәтижесінде ынталы жастарды жыл сайын бағалы сыймен марапаттайтын. Тумысынан қарапайым да байыпты жан Елеусін Сағындықов туралы ақтөбеліктер сүйсініп айтатын өңгіме таусылмайды. Өйткені ол Ақтөбенің сүйікті ұлы.

**Дайындаған
Гүлнара Қараша**



...Оның ауылы бұрын Қызылту деп аталды. 2007 жылы Ақтөбе облысының әкімдігінің бірлескен қаулысы және мәслихатының шешімімен Егіндібұлақ ауылы деп өзгерді. Ел тәуелсіздік алған жылдар бастауында жетім күй кешкен туған ауылына қарап Елеусін Наурызбайұлының ылғи жүрегі сыздайтын. Туған жерінің еңсесін қайтсем де көтеруім керек деген ой мазалап жүріп, ауылдасы, кәсіпкер Төлеген Таңатаровпен ойласып, сол топырақта туған өзге де азаматтармен

ел саясаты мен мүддесіне адал, шебер ұйымдастырушы, абыройы биік азамат.

Адами қасиеттерді бойына бала кезінен жинаған, әкесі ерте қайтып, бес жасынан анасына қамқор болып, ерте ер жеткен. Спортпен кәсіби шұғылданып, ел намысын қолдан бермей, жарыстарда алға озған жас жігіт билік тұтқасын ұстаған басшылардың көзіне түсіп, олардың ықыласына бөленді. Ол асқар асуларына маңдайы терлеген еңбегімен жетті. Аймаққа бас-



Yesterday

Институтта мамандар дайындау қызметі тарих, физика-математика және дайындық бөлімдерінің ашылуымен басталды. Алғашқы оқу жылына жоспарланған 70 студенттің орнына 81 студент, оның ішінде, тарих бөліміне – 33, физика-математика бөліміне – 35, дайындық бөліміне – 13 адам қабылданды.

Учебная деятельность в институте началась с открытия кафедр истории, физики, математики и под-



готовки. Вместо запланированных 70 студентов на первый учебный год был принят 81 студент, в том числе 33 на историческое, 35 на физико-математическое и 13 на подготовительное отделения.

Educational activity at the institute began with the opening of the departments of history, physics, mathematics and training. Instead of the planned 70 students for the first academic year, 81 students were admitted, including 33 for history, 35 for physics and mathematics, and 13 for the preparatory department.



Yesterday

Студенттер контингенті еліміздің педагогикалық техникумдары және жоғары класс оқушылары есебінен толықтырылды. Ақбұлақ педагогикалық техникумынан 11 оқушы, Қостанай педагогикалық техникумынан 19 оқушы, Арал қаласы онжылдық мектебінен 11 оқушы институтқа қабылданды.

Контингент студентов пополнили за счет учеников педагогических колледжей и старших классов страны. В институт были приняты 11 учащихся Акбулакского педагогического техникума, 19 учащихся Костанайского педагогического техникума, 11 учащихся десятилетней школы г. Аральска.

The contingent of students was replenished at the expense of students of pedagogical colleges and senior classes of the country. The institute accepted 11 students of the Akbulak Pedagogical College, 19 students of the Kostanay Pedagogical College, 11 students of the ten-year school in Aralsk.

1945 жылдың 14 сәуірінде институтқа Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен Қазақ КСР-нің Еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, ақын Нұрпейіс Байғаниннің аты берілді.

14 апреля 1945 года Указом Президиума Верховного Совета Казахской ССР институту было присвоено имя заслуженного деятеля культуры Казахской ССР, поэта Нурпеиса Байганина.

On April 14, 1945, by the Decree of the Presidium of the Supreme Soviet of the Kazakh SSR, the institute was named after the Honored Worker of Culture of the Kazakh SSR, the poet Nurpeis Bayganin.

✓ Brand

НАУЧНЫЙ ЦЕНТР «РАДИАЦИОННАЯ ФИЗИКА МАТЕРИАЛОВ» КАК БРЕНД ZHUBANOV UNIVERSITY



Куанышбек ШУНКЕЕВ
Доктор физико-математических наук
профессор
член-корреспондент
Национальной инженерной академии РК
Руководитель научного центра «Радиационная физика материалов»

Научный центр «Радиационная физика материалов» берет начало с 1984 года от научной лаборатории, организованной по моей инициативе при поддержке общественного деятеля, ученого, ректора Актюбинского педагогического института профессора Арынова Мухтара Галиевича.

Научное направление центра заложено академиком Чеславом Брониславовичем Лущиком. Ученый подготовил более 15-ти докторов наук только для Казахстана. Все они имеют свои научные школы в области физики функциональных материалов и спектроскопии.

К 85-летию юбилею университета Жубанова научный центр «Радиационной физики материалов» оснастили современными детекторами фирмы «Hamamatsu». Новая технология работает в режиме счета фотонов на основе цифровой технологии, что позволяет регистрировать сверхслабые световые сигналы кристаллов при понижении симметрии решетки низкотемпературной деформацией, аналогов которых нет в научных лабораториях университетов Республики Казахстан.

Фундаментальными направлениями исследования центра являются механизмы создания ра-



диационных дефектов и природа люминесценции щелочногалоидных кристаллов при понижении симметрии решетки под действием различного вида деформации, ионизирующего излучения вакуумно-ультрафиолетовой и рентгеновской радиацией в широком интервале спектра и температуры.

Универсальный криостат, разработанный и запатентованный нами, позволяет осуществлять низкотемпературную упругую деформацию кристаллов, после которой регистрируем спектры рентгенолюминесценции, туннельной люминесценции, термостимулированной люминесценции, а также фотостимулированной люминесценции.

Сканирование спектров рентгенолюминесценции, туннельной люминесценции и термостимулированной люминесценции кристаллов



производится с помощью светосильного монохроматора МСД-2 и фотоэлектронного умножителя типа Н 8259 фирмы «Hamamatsu», работающего в режиме счета фотонов, управляемых специальными программами SpectraSCAN и ThermoSCAN.

Сканирование спектров поглощения радиационных дефектов кристаллов осуществляется на базе спектрофотометра «Evolution - 300» с программным обеспечением VISION 32 PRO.

Полученные экспериментальные данные в цифровом формате преобразовываются для дальнейшей обработки, в одном из наиболее мощных средств графического представления результатов, с помощью пакета программ Origin Pro, которые позволяют оформлять графические зависимости спектров и проводить их математическую обработку.

В 2020 году впервые по обновленной программе нами подготовлен учебник по физике для учащихся 11 класса на казахском и русском язы-



ках по двум направлениям: естественно-математическое и общественно-гуманитарное. Данный учебник утвержден МОН РК и выпущен издательством «Атамұра». С 1 сентября по нему начали обучаться ученики 11 классов всей страны.

Центром регулярно осуществляется научное сопровождение всех уровней образовательных программ «физика» университета Жубанова - бакалавриата, магистратуры, докторантуры и диссертационного совета по защите докторских диссертаций. В целом, под моим научным руководством защищены 10 диссертаций на соискание ученой степени кандидата физико-математических наук и доктора PhD. На сегодняшней день успешно трудятся докторанты Убаев Ж. и Маратова А.

Центр осуществляет научное сотрудничество с ведущими университетами Европы. Это Тартуский университет Эстонии (University of Tartu, Estonia), Гданьский университет Польши (University of Gdansk, Poland), Латвийский университет (University of Latvia, Riga), Московский государственный университет имени М. Ломоносова (Москва, Россия), Физико-технический институт имени А. Ф. Иоффе РАН (Санкт-Петербург, Россия), Уральский федеральный университет имени Первого Президента России Б. Н. Ельцина (Екатеринбург, Россия) и др.

Реализуется программа академической мобильности студентов, магистрантов, докторантов и профессорско-преподавательского состава университета с Гданьским (Польша) и Тартуским (Эстония) университетами.

Центр на конкурсной основе регулярно выполняет научные проекты, финансируемые по линии МОН РК. Их соискание дало возможность проведения спектроскопических исследований механизмов образования точечных дефектов и их микроструктуры в ионно-диэлектрических системах при изменении симметрии решетки (2003-2005 гг.), управления люминесцентными свойствами широкозонных материалов с ограниченной размерностью при понижении симметрии решетки (2006-2008 гг.), исследования свойств наноструктурированных радиационных дефектов в ионно-диэлектрических материалах при понижении симметрии решетки в широком диапазоне температур (2009-2011 гг.), разработки технологии управления физическими свойствами щелочногалоидных и сверхпроводящих материалов при понижении симметрии решетки

(2012-2014 гг.), разработки технологии аккумуляции электричества на основе щелочногалоидных кристаллов при понижении симметрии решетки (2013-2015 гг.); технология управления механизмом трансформации энергии ионизирующей радиации в щелочногалоидных кристаллах-сцинтилляторах (2015-2017 гг.); разработка технологии управления оптическими свойствами оксидов, фторидов и щелочногалоидных кристаллов при понижении симметрии решетки для получения материалов с заданными люминесцентными характеристиками (2015-2017 гг.); исследование квантово-транспортных характеристик наносистем с уникальными эксплуатационными электрическими и магнитными свойствами (2020-2022 гг.).

В 2020 году сотрудниками центра подготовлены заявки на 8 проектов МОН РК на 2020-2023 годы.

Результаты исследований, проведенных в Центре, запатентованы в 8 патентах РК, а также опубликованы в ведущих мировых рейтинговых изданиях, имеющих импакт-фактор: Journal of Physics: Condensed Matter, Journal of Luminescence, Physics of solid state, Radiation Measurements, Russian Physics Journal, Journal of Applied Spectroscopy, Journal of Physics: Conference Series, Low Temperature Physics, Journal of Nano- and Electronic Physics, Nuclear Instruments and Methods In Physics Research.

В качестве прикладного направления исследования центр разрабатывает технологии получения новых материалов многоцелевого назначения из природного диатомитового сырья с заданными функциональными свойствами для применения в областях строительства (тепло-, звуко-, гидроизоляционные материалы, лакокрасочные изделия и стекло), сельского хозяйства (минеральные удобрения, повышающие урожайность и обеспечивающие сохранность урожая), животноводства (минеральная подкормка для скота), химической и нефтяной промышленности (фильтры и адсорбенты), медицины и косметологии (биологические препараты).

Все это достигнуто благодаря стратегическому плану развития университета, иницируемого ректором университета Жубанова, профессором Бауыржаном Амангельдиевичем Ердембековым. Научный центр «Радиационная физика материалов» стал брендом ZHUBANOV UNIVERSITY.



1958 жылдың тамызында Н.Байғанин атындағы Ақтөбе педагогикалық институты жабылып, оның оқу ғимараты мен жатақханасы 1957 жылы ашылған медициналық институтқа берілді. Студенттер көрші облыстардағы жоғары оқу орындарына ауыстырылды. Көп кешікпей-ақ облыс мектептерінде мұғалімдердің жетіспеушілігі айқын сезіле бастады. Сөйтіп сегіз жылдан соң, 1966 жылы Ақтөбе педагогикалық институты қайта ашылды. Оқу орнын басқаруға П.С.Щетинин тағайындалды.

В августе 1958 года Актюбинский педагогический институт им. Н. Байганина был закрыт, а его учебный корпус и общежитие переданы открытому в 1957 году медицинскому институту. Студентов перевели в ВУЗы соседних регионов. Вскоре в школах области возникла явная нехватка учителей. И уже через восемь лет, в 1966 году, Актюбинский педагогический институт вновь распахнул свои двери. Руководителем университета стал П.С. Щетинин.

In August 1958, Aktobe Pedagogical Institute named after I. N. Bayganin was closed, and his educational building and dormitory were transferred to the medical institute opened in 1957. Students were transferred to universities in neighboring regions. Soon there was an obvious shortage of teachers in the schools of the region. And eight years later, in 1966, the Aktobe Pedagogical Institute reopened. The head of the university was P.S. Shchetinin.

Құрметті Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің ұжымы!

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен өзімнің атымнан сіздерді еліміздің ғылыми-зерттеу жұмысы мен білім беру үрдісіндегі елеулі оқиға - Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің құрылғанына 85 жыл толу мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын.

Университет республикамыздың жоғары білім беру кеңістігінде өзіндік қолтаңбасы бар іргелі оқу орындарының бірі. Сексен бес жылдық тарихында университет облыстық институт дәрежесінен білім, ғылым, тәрбие ісінің күрделі мәселелерін жоғары деңгейде шешуге жеткілікті инфроқұрылымы мен кадрлық әлеуеті бар көпсалалы білім ордасына, аймақтың ғылыми және рухани орталығына айналды. Университет ұжымы Ақтөбе өңірі агломерациясында сұранысы жоғары мамандар даярлау, әлеуметтік-мәдени қызмет көрсету, қазақстандық патриотизм рухында тәрбиеленген азамат қалыптастыру ісін заманауи педагогикалық технологиялар мен ғылыми-инновациялық ізденістер, жаңашыл әлеуметтік жобалар негізінде өрістетіп келеді. Мыңдаған университет түлектерінің байтақ еліміздің түрлі аймақтарында ғана емес, сондай-ақ алыс, жақын шет елдерде де абыроймен еңбек етіп, жоғары білімдарлық пен біліктілік, қазақстандық патриоттық рух танытып жүруі мақтануға тұрарлық жетістік.

Бүгінгі таңда университет ұжымы қол жеткізген жетістіктер негізінде әлемдік білім кеңістігінде лайықты орнын иемденуге талаптанған озық отандық жоғары оқу орындарының алдыңғы сапынан көрінуде. Атқарған нәтижелі қызметтеріңіз үшін кәсіби әлеуеті мол, ынтымағы жарасқан профессор-оқытушылар құрамына, барша университет қызметкерлеріне алғысымды білдіремін.

Ел Президенті Қ.Ж.Тоқаев Қазақстан халқына биылғы жолдауында әлемнің жаңа болмыс-бітімі қалыптасып жатқан шақта елімізде жүзеге асырылып жатқан реформаларға тың серпін беру үшін жаңа үлгідегі білім саласын жасақтап, адами капиталды дамытудың, кәсіби білікті озық ойлы және бастамашыл мамандар даярлаудың аса қажеттігін атап көрсетті.

Университет ұжымын ерекшелейтін аға буынның бай тәжірибесі, орта буын өкілдерінің екпінді еңбегі, жас толқынның өршіл талпынысы мен тынымсыз ізденісі алда тұрған бұл келелі міндеттерді абыроймен атқаруға толық негіз бола алатындығына нық сенім ұялатады.

Қадірменді әріптестер!

Бүгінгі айтулы мерекелеріңізбен тағы бір мәрте құттықтай отыра, баршаңызға берік денсаулық, шығармашылық жетістіктер мен табыстар тілеймін.


**Құрметпен, Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрі
Асхат Аймағамбетов**

☑ The pride

Сағыны мен нәтижені қа

— Металлургия саласына қызығушылық қалай басталды?

— Бұл мамандыққа назарымның түсуі Елбасы, еліміздің Тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың тұлғалық бейнесіне қызығушылықтан басталды. Ол кісі жайлы телехабарды жібермей, басылым беттеріндегі мақалаларды көп оқыдым. Әрине, бала кезде әр сала туралы ойлау менің де басымнан өтті. Бір тұстан, маған барлық пән ұнайтын. Мен орта білім алған қаладағы Ғ.Ақтаев атындағы №6 орта мектебінде керемет ұстаздар сабақ береді. Оның үстіне анам ұлғи жан-жақты болу керекін айтып отырды. Биология пәнін ұнатып, хирург болсам дедім. 8-сыныптың IV тоқсанында физика пәні Американың Кембридж бағдарламасымен оқытыла бастады. Оны Алматыдан білімін жетілдіріп келген Гүлсая Иманғалиева апай жүргізді, оның ұйымдастыруымен ғылыми апталық өтті, біздің сынып оқушыларының зерттеушілік қабілеті басым болып, тәжірибелерді біз жүргіздік. Топқа бөлініп, мен 1-ші топ лидері болдым. Ғылыми сынақтарға қатты көңіліміз



ауғаны соншалықты сабақтан қалып, тәжірибелер жүргізгенбіз. Апталық аяқталғанда Гүлзая апай бізге риза болып, мақтады. Содан қанаттанып, болашағымды физикамен байланыстырамын деп қиялға шомдым. Ядерлік инженер болуды армандадым. Өке-шешем райымнан қайтарды. Ауыр мамандық деді. Анамның жақын құрбысының қызы Әйгерім ең беделді «Дарын» мектебін бітіріп, «Металлургия» мамандығына түсетін болды. Әйгерімнің оқу үлгерімі, спортпен айналысуы маған үлгі еді. Сондықтан мен де осы саланы таңдадым.

— Ерге тән мамандықты игеруге өжет мінез керек шығар?

— Әрине, гендірлік тұрғыда, үлкен айырмашылық бар. Бірақ маған көп қиындық болмады. Ер балалармен ойнап өстім, шахмат, күрес секцияларына бірге баратынмын. Бір қызығы, мектепте, сыныбымда сан жағынан ер балалар басым болды. Сондай ортада көп болуым мінезімді ерледі. Дегенмен өжеттілік барлық мамандық иесіне қажет деп санаймын. Бүгінгі қарыштап дамып жатқан заманға ілесе білу үшін білім мен батылдық та керек.

— Шетел тілдерін қандай мақсатпен үйрендіңіз? Әлде сізге үйрену оңай түседі ме?

— Ағылшын тілін мектеп қабырғасынан үйрендім, ЖОО-ға келгенде Work and travel бағдарламасы туралы естідім, мақсатыма жету үшін ағылшын тілін терең меңгере бастадым. 2 жыл ағылшын курсына бардым, бастапқы уақытта университеттегі сабақпен алып жүру қиын болды. Бұған өке-шешем ренжи бастады. Дегенмен, араға екі жыл салып, АҚШ-тың Массачусетс штатына аталмыш бағдарлама аясында барып келдім. Басында жергілікті диалектіге түсінбей қиналып едім, соңынан үйрендім. Мұхиттың арғы жағындағы өмірмен, онда тұратын адамдармен жақын танысып, таным-тағлымым байып, біраз жаңа достар тауып, көңілді оралдым.

Ендігі мәселе тілдік орта болмағасын ағылшын тілін ұмытып қалмау. Ол үшін жаттығулар жасаймын. Дауыстап ағылшынша кітап оқимын және аударамын, түсінбеген сөздерімді жазып алып, аудармасын қараймын. Кейін сол оқыған кітабымдағы оқиға жайлы айнаның алдында тұрып, айтып шығамын. Дауыс ырғағымды

Сіздер білім алып жатқан университетіңіз үшін, қазақ мемлекетінің тілі, мәдениетіңіз үшін, қандай нәтижелерге жеттіңіз?

Бағалау үшін, диктофонды қосып қоямын. Сосын жанымдағы достарыммен жиі ағылшынша сөйлесуге тырысамын. Негізі, шетел тілін жетік меңгеру үшін, сол тілде ойлай алатындай дәрежеге жету керек болады. Сондай-ақ бір рет болса да тілдік ортаға барып, тәжірибе алмасқан жақсы.

Негізі, кем дегенде 10 шетел тілін үйреніп, емін-еркін сөйлеуді мақсат етемін. Мақсатымның нәтижесі маған жер шарын аралап, бөтен мәдениетпен танысуға мүмкіндік береді. Жақын арада білетін неміс және түрік тілдерін жетілдіруді, одан соң француз, испан және жапон тілдеріне ден қоюды жоспарлап отырым.

— Өмірде мақсатшыл, арманшыл көрінісіңіз, бұл қасиеттерге баулыған жандар бар ма?

— Алдымен папа-мамамның адалдыққа, еңбекқорлыққа баулыған тәрбиесінен. Олар маған есейіп кетсем де «Өзіңе тиесілі емес затты алма, яғни кісінің ала жібін аттама, маңдай теріңмен табуға тырыс, — дейді. Арзан күлкіге үйір болма, мағынасыз бос уақыт өткізбе, —

Ш-ҚИЯЛ, ЛАЙМЫН

Жұлдызай Жұмбаева
Zhubanov University «Металлургия»
мамандығының 2-курс магистраты,
оқу үздігі, зерттеуші, полиглот

**Ойы терең, талабы биік,
мақсаты айқын жаспен әңгімелесу де
жағымды.**



— **Болашағыңызды сағынасыз ба, сіздің қиялыңыздағы болашақ қандай?**

— Сағыныш-қиял, нәтижесі кейде болмайды. Ал мен нәтиже болғанын қалаймын. Екінші мамандық алғым келеді. Негізгі мамандығыма қатысы бар, IT немесе робототехника секілді мамандыққа түссем деймін. Болашақ автоматизация және цифровизацияның еншісінде, сондықтан кәсібімнің шебері болу — міндетім.

Қол жеткізген табыстарымның сырымен бөлісіп, замандастарыма жол сілтегім келеді. Әйтеуір, адамзатқа пайдам тисе деймін.

Табысты болу үшін дәулетті әке-шеше мен ықпалды тамыр-таным туралы армандаудың қажеті жоқ. Адамды алға ұмтылдыратын ақылы мен санасы жетелеген ерік-жігері. Сосын, әрине, себепші жанындағы мотиваторларың. Бұл ретте әке-шешеме алғысым шексіз. Өте арманшыл қызының кейбір жабайы, crazy идеяларын дұрыс түсініп, қолдау көрсетті. Отбасының кеш туған кенжесімін. Алдымда ересек әпкем мен ағам бар. Олардың еңбексүйгіш қасиеттері маған стимул берді. Ұстаздарым Келаманов Бауыржан Сатыбалдыұлы мен Ерсайынова Альбина Абатовна мені ғылыми ізденістерге баулыды. Осы жандардың қолдауларымен түрлі ғылым жиындарға қатысып, тәжірибе жинақтадым. Маған университетте сабақ беретін барлық ұстаздарым ұнайды. Бәрінің жүздерінен менің жарқыл болашағыма деген сенімді көремін. Осы жазда ұстазым, профессор Қозбақов Жаңаберген Иманқұлұлынан қапияда айырылып қалғанымыз жаныма ауыр тиді. Өткен қыста ұстазыммен алдағы жоспарларыммен бөлісіп, тағы тілдер үйренбек ниетімді, шетелге барып оқуға дайындалып жатқанымды айтқанымда қатты қуанып еді. «Ел болашағы өзіңдей жаста» деп арқамнан қаққаны дәл сол сәттегідей есімде. Ақжарқын бейнесі мәңгі жадымда болады. Осы қайғылы оқиға менің тірлікте ешкіммен өштеспе, себебі дүние — жалған деген ұстанымымды қатайта түсті.

— **Ақылды жас екенсіз, Жұлдызай! Тәнті болдым! Әрдайым жолыңыз ашық болсын!**

**Әңгімелескен
Гүлнора Қараша**

Құрметті ұстаздар мен білім алушы жастар!

Баршаңызды Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің 85 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын.

Тұңғыш Президентіміз - Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қазақстандықтардың, әсіресе жастардың білім алу мәселесін аса маңызды міндет қылып қойып, осы арқылы Қазақстанды шикізат өндіруші емес, ақыл-ойдан туындайтын өнім өндіретін елге айналдырамыз деген болатын.

Міне, сол білім-ғылым қоғамды дамытатын негізгі күш, оның бүгінгі мен болашағы, бәсекеге қабілеттілігін анықтайтын негізгі фактор.

Өткен ғасырдың басында мұғалімдер институты болып бастау алған оқу орны - бүгінде республикамыздың жетекші, маңдайалды білім ордасы, өңіріміздің ғылыми орталығына айналды.

Еліміздің ілімі мен біліміне өлшеусіз үлес қосып келе жатқан Жұбанов университеті бізге жоғары білім берген оқу орны ғана емес, сондай-ақ, біздің жалынды жастық шағымыздың куәсі, кіршіксіз мөлдір сезімдердің ордасы. Лингвист-ғалым Қ.Жұбанов есімін иемденіп отырған бұл университет мен үшін жүрегіме жақын, өте ыстық, өзім түлеп ұшқан оқу орным. Республикамыздағы білімде де, ғылымда да көштің алдыңғы қатарында келе жатқан республикамыздың үздік университеттерінің бірегейі.

Бүгінде еліміздің түрлі саласында еңбек етіп жүрген ғалымдар, мұғалімдер, экономистер, заңгерлер, инженерлер, журналистер және басқа да мамандық иелерінің көбісі осы оқу ордасынан түлеп ұшты.

Университет ұжымы бүгінгі Тәуелсіз мемлекетіміздің саналы ұрпағын тәрбиелеу ісіне ерекше маңыз беріп, білікті де кәсіби маман оқытуда ұдайы өсу, өркендеу жолында жемісті еңбектенуде.

Өлемнің, еліміздің әр қиырында түрлі салада жауапкершілікпен қызмет ете жүріп, біз, университет түлектері, осынау оқу ордасынан білім алып шыққанымызды мақтан тұтамыз.

Өнегелі білім шаңырағының бүгінгі де игі істерге толы, болашағы жақсы үміт ұялатады. Бұл оқу орнының болашақта да білімді әрі білікті, талантты, бәсекеге қабілетті мамандар легін тәрбиелеп, дайындай беретініне еш күмәніміз жоқ.

Мерейлі мерейтойда баршаңызға мықты денсаулық, білім беру ісіндегі бастамаларыңызға толағай табыс тілеймін!

Ел іргесі бекем, егемендігіміз кемел болсын!

**Ізгі ниетпен,
Ақтөбе облысының әкімі,
Zhubanov University
1985 жылғы түлегі
Оңдасын Оразалин**

дейді. Өрқашан ізденісте жүргеніме қуанады. Маған Маргарет Тэтчер, II-Елизавета, Мария Складовская-Кюри сынды тарихи тұлғалардың тағдыры қызықтырады. Олардың күш-жігері, жаңашылдыққа деген құштары қатты әсер етеді. Подкасттар тындаймын және мен үшін қазір Саясат Нұрбек, Данияр Тенелов сынды тұлғалар үлгі болып жүр. Сонымен қатар, аудиокітаптарды да тындаудамын. Жалпы қазір үлкен ізденістемін, көптеген сұрақтар көкейімде жүр, соларға жауап іздеудемін.

— **Бакалавр дәрежесін алу кезінде диплом жұмысыңызды ағылшын тілінде қорғапсыз дейді, мемлекеттік-аттестациялық комиссия қалай түсінді? Өлде аудармашы болды ма?**

— Иә, шамалы форматты өзгертіп, жаңашылдық енгізгім келді. Сонымен қатар ағылшын

тет білім үшін, тұтастай алғанда лингвист-әдениеті, философиясы үшін қыруар ісігі мақтаныш етуге лайық.

**Нұрсұлтан Назарбаев
Қазақстанның Тұңғыш президенті, Елбасы
16 қараша 1998 жыл**

тілін ұмытпау және металлургия терминдерін ағылшын тілінде үйрену мақсатында жасадым. Диплом жобасын қорғау кезінде комиссия мүшелері мені түсінді, себебі профессор-оқытушылар ағылшын тілін меңгерген. Жалпы көрсетілген технологиялық схемалар тек анықтамасы ағылшынша болғанымен жұмыс жасау үрдісі өзгеріске ұшыраған жоқ. Орысша қойылған сұрақтарға орысша, ағылшынша сұрақтарға ағылшынша жауап бердім. Баршамызға өте жақсы тәжірибе болды.

— **Магистрлық диссертациялық жұмысыңыз қандай тақырыпқа арналған? Қандай мәселе жайлы толғамақсыз?**

— Диссертациялық жұмысым хромды қатты фазалы тотықсыздандырудың тиімді әдісін табу. Жалпы бұл бұрын соңды қозғалған тақырып, себебі сұйық фазалы тотықсызданду қатты фазалы тотықсыздандудан кейін пайда болды және қатты фазалы тотықсызданду барысында үнемдеу тұрғысында біршама өзгеріс бар, себебі ол көп энергияны тұтынбайды және аз жұмысты қажет етеді. Бірақ технологиялық схема, қондырғылар және берген нәтижелеріне байланысты бұл тотықсыздандудың түрі пайдаланылмайды.



ZHUBANOV
UNIVERSITY

Yesterday

1984 жылдың тамызында Ә.Молдағұлова даңғылындағы оқу корпусының құрылысы аяқталды. Ғимараттың ашылуына КОКП Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы, еліміздің ардақты ұлы Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев, сол кездегі Республика Министрлер Кеңесінің төрағасы, болашақ Тәуелсіз Еліміздің тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қатысты.



В августе 1984 г. завершилось строительство учебного корпуса на проспекте А.Молдагулова. В церемонии открытия приняла участие член Политбюро ЦК КПСС, Первый секретарь ЦК Компартии Казахстана, почетный общественный деятель Динмухамед Ахметович Кунаев и Председатель Совета Министров, первый Президент будущего независимого Казахстана Нурсултан Абишевич Назарбаев.

In August 1984, the construction of an educational building on A.Moldagulov Avenue was completed. The opening ceremony was attended by a member of the Politburo of the CPSU Central Committee, First Secretary of the Central Committee of the Communist Party of Kazakhstan, honorary public figure Dinmukhamed Kunayev and Chairman of the Council of Ministers, first President of the future independent Kazakhstan Nursultan Nazarbayev.

Person

ЖОО тарихындағы

(өмір жолдарынан қысқа үзіктер)



Павел Степанович ШЕТИНИН
Филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ақтөбе педагогикалық институтының 1966-1983 жж. ректоры

Щетинин Павел Степанович 1928 жылы 8-ші ақпанда РФ Орынбор облысының Федоровка селосында дүниеге келген. 1951 жылы Алматыдағы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтының филология факультетін үздік тәмамдаған соң еңбек жолын Ақтөбе мұғалімдер институтының орыс тілі кафедрасының меңгерушісі болып бастайды. 1966 жылы П.С.Щетинин қайта ашылған Ақтөбе педагогика институтының ректоры болып тағайындалады.

Ректор П.С.Щетининнің алдында жаңа ашылған оқу орнының материалдық базасын құру, кафедраларды кадрлармен қамтамасыз ету, алғашқы студенттерді қабылдау жұмыстарын жүргізу міндеті тұрды.

Студенттер алғашқы үш айда №1 орта мектепте оқыды. Қабылдау емтихандары да сонда өтті. 1966 жылы желтоқсан айының ортасында институт М.Горький (қазіргі Асау-Барақ) көшесіндегі №124 жаңадан салынған 960 орындық мектепке көшірілді.

Жаңа ғимаратта 28 аудитория, 500 орындық мәжіліс залы, 300 шаршы метр спорт залы, пәндер кабинеттері және физика пәні бойынша үш лаборатория болды. Үшінші қабатына студенттердің жатақханасы орналасты. Дегенмен, аудиториялар мен арнаулы кабинеттер жетіспеді. Сондықтан, 1967 жылы институтқа 844 шаршы метр көлемдегі педагогикалық училищенің ғимараты беріліп, оған филология факультетінің студенттері көшірілді.

Алғашқы 1966-1967 оқу жылында институттың екі факультетіне (физика-математика, филология) 4 мамандық (орыс тілі мен әдебиеті, ұлт мектептеріндегі орыс тілі мен әдебиеті, математика, физика) бойынша 350 студент қабылданды. Оның 100 студенті – сырттай бөлім студенттері еді. Институттағы бір факультеттің біріккен 6 кафедрасында 23 оқытушы жұмыс істеді.

П.С.Щетинин оқу орнын 17 жыл бойы үздіксіз басқарды.

Жоғары мектеп жүйесінде қызмет еткен жылдарда Павел Степанович облыстың ғылыми-педагогикалық кадрларды және жалпы білім беретін мектептерге мұғалімдер дайындау ісіне зор үлес қосты. Өңірдегі білім беру саласының кәсіби мамандары арасынан Щетининнің шәкірттерін мол кездестіруге болады.

Педагог қоғам қайраткері ретінде де көп жұмыс тындырды. Ол қалалық, облыстық халық депутаттарының Кеңесіне бірнеше рет депутат болып сайланды.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамытуға қосқан үлесі үшін С.П.Щетинин Еңбек Қызыл Ту орденімен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен, Қазақ КСР-ның Жоғары Кеңесінің Құрмет грамоталарымен марапатталған. Сондай-ақ оған «Қазақ КСР ағарту ісінің үздігі» атағы берілген.



Мұхтар Ғалиұлы АРЫН
Филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ақтөбе педагогикалық институтының 1983-1995 жж. ректоры.

Жоғары мектеп саласында бай тәжірибелі Мұхтар Арынның басшылығы кезінде қалаға әлі күні ерекше көрік беріп тұрған, Ә.Молдағұлова даңғылы бойындағы Бас оқу ғимараты пайдалануға берілді. Жоғары оқу орны аймақты сапалы педкадрмен қамтамасыз етумен шектелмей, ел жақсылары бас қосатын ірі рухани орталыққа айналды. Білікті басшы білім мен тәрбиеге қатар ден қойды. Қазақ тілінде оқытатын бөлімдер ашты. Көп салалы мамандық даярлау мәселесін көтерді. Кәсіби бағдар жұмыстарын жаңаша бағытта жүргізді. М.Арынның бастау көтеруімен 1990 жылы институтқа тұңғыш лингвист-ғалым, профессор Құдайбергелі Жұбановтың есімі берілді. «Жұбановтану» ғылыми зертханасы құрылып, ғылыми мектеп қалыптасты. Институтта облыстық деңгейдегі мәдени-көпшілік шаралар жиі ұйымдастырылды. Абайтанушы ректор ұлы ақынның шығармашылығын облыс жұртшылығына танытуда жүйелі жұмыстар атқарды, болмыс ұқсастығына орай Ақтөбенің Абайы атанды. Қазақ тілінің мәртебесін көтеруге, қазақ тілінде оқытатын мектептердің санын ұлғайтуға ерекше мән берді. Ұрпақ тәрбиесін бірінші кезекке қоятын ұлтымыздың тәрбие туралы нақыл сөздерінің арасында Мұхтар Арынның «Қалай десек те, ең мықты, табиғи мектеп — отбасы» деген сөзі жатталып қалды.

Тәуелсіз Қазақстанның, нарықтық экономика жағдайында облыста жоғары сұранысқа ие мамандарды даярлау ісін қайта құру қажеттілігін жете түсінген институт ректоры Мұхтар Ғалиұлы үкімет алдында бірнеше мәрте Ақтөбеде классикалық түрдегі университет, тым болмаса көпсалалы институт ашу мәселесін қойды. Тиісті дайындық жұмыстары жүргізілді. 1996 жылы институтқа университет мәртебесі берілді.

Мұхтар Арын «Ерен еңбегі үшін» медалімен, екі рет Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің Құрмет грамотасымен және «КСРО жоғары біліміндегі үздік жетістіктері үшін» төс белгісімен марапатталған.

85 жылдық мерейтойға орай университетте абзал азаматтың есімі мен атқарған қызметі құрметтелген online дөңгелек үстел өтті. Оған марқұмның ұлы, профессор Ерлан Арын қашықтан қатысып «Әкем отыз жылдан астам уақыт бұрын «Бес анық» қағидалары арқылы қоғам өмірінде терең із қалдырды. Осы жағдайды пайдалана отырып, «Бес анық» кітабының

ректорлар

еліміздегі барлық дерлік мектеп-лицейлердің оқу үдерісіне енгізілгенін айтып келеді. Ғалымдардың бастамасы бойынша ол орыс тіліне аударылды, ал қазір оны түрік және неміс тілдеріне аудару жұмыстары аяқталып қалды. Алдағы уақытта әкем жайлы «Әке рухымен сырласу» атты кітабымызды жарыққа шығаруды жоспарлап отырмын, – деді. Бір кезде құрылысына араласқан университеттің бас оқу ғимараты қазір ғұлама ғалым есімінде. Сонымен қатар Ақтөбе қаласында М.Арын атындағы мектеп-лицей және көше бар.



Кенжеғали Кенжебайұлы КЕНЖЕБАЕВ
Физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, академик, Zhubanov University 1995-2013, 2014-2016 жж. ректоры.

Кенжеғали Кенжебаевтың оқу орнына басшы кезінде университеттің материалдық базасын нығайды, тұңғыш рет инженер мамандығы ашылды, оған студенттер қабылданды. Бірнеше магистратура мамандықтары және математика, физика салалары бойынша кандидаттық диссертация қорғау кеңестері ашылды, әлеуметтік зерттеулер институты, қолданбалы математика және информатика институты құрылды. 1100 орындық спорт кешені, студенттер емханасы, редакциялық-баспа бөлімі ашылды. Студенттер сарайы мен Жастар сарайы салынды. Осылайша Кенжебаев университеттің айналасын студенттер қалашығына айналдырды. Сондай-ақ оның бастамасымен Жастар үйі мен инновациялық-технологиялық парктің құрылысы басталды.

Кенжеғали Кенжебаев Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Оймауыт ауылында туып-өскен. 1969 жылы С.М.Киров атындағы ҚазМУ-дің (қазіргі Аль-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті) механика-математика факультетіне оқуға түскен. Zhubanov University 1974 жылғы түлегі. Т.Шевченко атындағы Киев мемлекеттік университетінің 1984 жылы аспирантурасын, 1995 жылы докторантурасын тәмамдады. Аға оқытушы, физика-математика факультетінің деканы болып, тәжірибе жинақтаған. Т.Шевченко атындағы Киев мемлекеттік университетінің 1984 жылы аспирантурасын, 1995 жылы докторантурасын тәмамдады. Сол жылы 01.01.02.- дифференциалдық теңдеулер мамандығы бойынша «Конструктивные методы анализа, периодических и многоточечных краевых задач» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғады.

1995 жылдан Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің ректоры болып тағайындалды.

Математика саласына қосқан үлестері үшін Украина ҰҒА-ның М.Остраградский атындағы алтын медалімен (2002) жылы Н.Н.Боголюбов атындағы естелік-медалімен (2002), Қазақстан ҰЖҒА-ның Әл-Фараби атындағы қола медалдарымен (2010) марапатталған. Ол «ҚР Білім беру ісінен және ғылымына еңбегі сіңген қызметкер» және «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері».

Ғалымжан Жұмабайұлы НҰРЫШЕВ
Экономика ғылымдарының докторы, профессор, академик, Ақтөбе педагогикалық институтының 2004-2012 жж. ректоры.



Ғалымжан Жұмабайұлы 1957 жылы мамыр айының бесінші жұлдызында қазіргі Атырау облысы Махамбет селосында дүниеге келген. Ол 1978 жылы Алматы халық шаруашылығы институтын бітіргеннен кейін Гурьев мұнай өңдеу зауытында экономист болып еңбек еткен. Содан кейін 1979-1982 жылдары Гурьев пединститутында оқытушы, аға оқытушы болған. С.М.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің (қазіргі Аль-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті) аспирантурасын аяқтаған соң Гурьев пединститутында, Х.Досмұхамедов атындағы мемлекеттік университетінде аға оқытушы, факультет деканы, оқу ісі жөніндегі проректор болып қызмет етті. Ал 2001 жылдан бастап Астанадағы Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінде ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор болды.

2004 жылы университеттен Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты бөлініп шыққан кезеңде ректор қызметіне тағайындалды. 2009 жылы институт Болонья қаласындағы Университеттердің Ұлы Хартиясына қол қойып, еуропалық білім кеңістігіне енді. Ол облыстың қоғамдық, саяси-экономикалық өміріне етене араласты. Облыстық мәслихаттың екі дүркін депутаты бола жүріп, рухани кемелдендіру ісіне айырықша үлес қосты. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының облыстық ұйымының төрағасы міндетін де атқарды, қордаланған тіл мәселесін шешу бағыттарын жүйелендірді. Ана тіліміздің келелі мәселелерін жүйелі түрде дамыту бағытында тынбай еңбек етті. «Қазына» әдеби мұра жобасын бастап, Н.Байғаниннің жаңа тандамалысы, бұрын еңбектері қалың жұртшылыққа жете қоймаған Ақтөбе өңірінің XIX-XX ғ.ғ. ақын-жыраулары Жекей Шаңғытбайұлының, Сарышолоқ Боранбайұлының, Айса Байтабыновтың шығармаларын жарыққа шығаруға жетекшілік етті. Ел-жұрт зиялылары оны оқу орнын бір кезде рухани орталыққа айналдырған Мұхтар Арынның ізбасары ретінде бағалады. Білікті басшы Нұрышевтің кезінде институт республика ЖОО Бас рейтингі бойынша педагогикалық ЖОО арасында тұрақты түрде алғашқы үштіктен көрінді. 2012 жылы Қазақстан мен Қытай Халық республикасы арасындағы өзара тығыз әріптестік байланысты нығайту үшін оқу орны базасында «Конфуций институты ашылды».

Профессор Ф.Ж.Нұрышев ғалым-ұстаз ретінде де артында жарқын ізін қалдырды. Оның ғылыми зерттеулерінің басты бағыттары елдің ауыл шаруашылығы экономикасы мәселелері, білім мен тәрбие жөнінде болды. Ол 100-ден астам ғылыми мақала, 5 монография жазып қалдырды. Оның жетекшілігімен алты ғылым кандидаты, бір ғылым докторы дайындалды.

Ғалымжан Нұрышев «Құрмет» орденінің иегері, сондай-ақ «КСРО жоғары біліміне сіңірген айрықша жетістіктері үшін» (1991), «Білім үздігі» (1997), «ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері» (2001), «ҚР ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» (2003), «Ы.Алтынсарин» (2007), «Қазақ тілінің жанашыры» (2008) «ҚР Тәуелсіздігіне 20 жыл» медалі, ҚР Президентінің төрт мәрте Алғыс хаты марапаттарының иесі.

Ғалымжан Жұмабайұлы мен оның зайыбы Күлімхан Бейкөкжызының ғұмыры жол апаты кезінде, қайғылы жағдайда үзілді. Университетте мұражай-кабинеті ашылған. 2013 жылы Ақтөбеде, 2017 жылы Атырауда ғалым тұрған үйлердің қабырғасына ескерткіш тақта орнатылды.

Дайындаған Г.Қараша



Yesterday

Институт ректоры, профессор М.Ф.Арынов қазақ тілі ғылымының негізін салушы, ғалым-зерттеуші Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың есімін есте қалдыру үшін ҚазКСР Министрлер Кеңесіне ұсыныс жасады. Нәтижесінде Құдайберген Жұбанов есімі 1990 жылдың 23 ақпанындағы №72 Үкімет қаулысымен Ақтөбе педагогикалық институтына берілді.

Ректор института, профессор М.Г. Арынов предложил Совету Министров Казахской ССР увековечить имя основоположника казахской лингвистики, исследователя Кудайбергена Куановича Жубанова. Итогом стало присвоение 23 февраля 1990 года Актобинскому педагогическому институту имени Кудайбергена Жубанова.

Rector of the Institute, Professor M.G. Arynov invited the Council of Ministers of the Kazakh SSR to immortalize the name of the founder of Kazakh linguistics, researcher Kudaibergen Zhubanov. The result was the assignment of the Aktobe Pedagogical Institute named after Kudaibergen Zhubanov on February 23, 1990.

1996 жылдың 7 мамырындағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің №570 қаулысымен Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе педагогикалық институты Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университеті болып қайта құрылды.

Постановлением Правительства Республики Казахстан №570 от 7 мая 1996 года Актобинский педагогический институт им. К.Жубанова преобразован в Актобинский университет имени К.Жубанова.

By the Decree of the Government of the Republic of Kazakhstan No. 570 dated May 7, 1996, Aktobe Pedagogical Institute named after Zhubanov was reorganized into the Aktobe University named after K.Zhubanov.



Yesterday

Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының алдында Құдайберген Жұбановтың 1998 жылдың 16-қарашасында ескерткіш-мүсіні қойылды. Көрген адамға рух беретін ғажайып ескерткіш авторы — мүсініші Жәдігер Кенбай. Ескерткіштің ашылу салтанатына ҚР Тұңғыш президенті, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев қатысып «Сіздер білім алып жатқан университет білім үшін, тұтастай алғанда лингвистика үшін, қазақ мемлекетінің тілі, мәдениеті, философиясы үшін қыруар іс тындырған ғалымның атында екендігі мақтаныш етуге лайық», - деді білім алушыларға.

Памятник Кудайбергену Жубанову установлен перед Актюбинским государственным педагогическим институтом 16 ноября 1998 года. Автор прекрасного памятника-скульптор Жадигер Кенбай. На церемонии открытия памятника присутствовал Первый Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев. «Большая гордость, что университет, в котором вы учитесь, назван в честь ученого, сделавшего много для образования, лингвистики, в целом, для языка, культуры и философии казахского государства», отметил Елбасы в своей речи к студентам.

The monument to Kudaibergen Zhubanov was erected in front of the Aktobe State Pedagogical Institute on November 16, 1998. The author of the beautiful monument is the sculptor Zhadiger Kenbai. The opening ceremony of the monument was attended by the First President of Kazakhstan, Nursultan Nazarbayev. «It is a great pride that the university where you study is named after a scientist who has done a lot for education, linguistics, in general, for the language, culture and philosophy of the Kazakh state», Elbasi said.

✔ Digitalization

Опыт цифровизации Zhubanov University

SMART университет — это система, которая позволяет автоматизировать основные процессы деятельности высшего учебного заведения.

На сегодняшний день в Казахстане переход к автоматизации апробируют единицы вузов, при этом каждый проект запускается отдельно. Университет Жубанова является первым SMART-университетом, в котором запущен комплекс проектов по цифрализации.

С 2017 года разработан и внедрен проект «Smart Zhubanov University», приобретены основные программные обеспечения, автоматизированная информационная система «Univer», образовательный портал MOODLE, Web ИРБИС, которые позволили автоматизировать управление бизнес-процессами в университете на основе информационных технологий: электронный журнал, электронная система контроля знаний обучающихся.

В 2018 году созданы структуры Ситуационный центр камер видеонаблюдения, Центр обслуживания студентов «Темірқазық», модернизирована IT инфраструктура, приобретены серверы, компьютеры, ноутбуки и моноблоки, проведен высокоскоростной интернет.

В технопарке открыты IT лаборатории по робототехнике, 3D моделированию, языкам программирования, Stem лаборатория которые оснащены современными оборудованями, 3D принтерами, а также открыты IT кабинеты и лаборатории, Web лаборато-

ряются онлайн справки вызов, для предъявления по месту требования. Всем обучающимся доступен сервис «Проверка задолженности», который позволяет проверять задолженности по оплате за обучение, за проживание в общежитии и задолженности по библиотеке.

Выпускникам университета предоставляются онлайн направления на работу. Доступен сервис для подачи онлайн заявления о неявке к Итоговой государственной аттестации, для подачи онлайн заявления на апелляцию по результатам Итоговой государственной аттестации. Проводится онлайн анкетирования «Выпускник», онлайн бронирование мест в общежитиях, онлайн выдача обходного листа для выпускников, автоматическая выдача электронного обходного листа, транскрипта, справок об обучении, в военкомат, с места работы.

А также с помощью Smart ARSU услугополучатели могут заказать городские услуги (проверка административных штрафов, налогового задолженности, срока технического осмотра транспорта, трекинга «Казпочты» и другие возможности для всех пользователей приложения).



рия для записи онлайн лекций, инновационные образовательные программы по IT, приобретены и внедрены в учебный процесс виртуальные тренажеры, виртуальные лаборатории по дисциплинам физики, метрологии и стандартизации, металлургии и т.д.

Осуществлен переход на систему электронного внутреннего документооборота на платформе Битрикс. Разработаны 41 курсов для MOOCs.

Одним из важных шагов в развитии современного образования является внедрение Smart-технологии в высшем образовании, что является основной целью мобильного приложения Smart ARSU. С октября 2019 года было разработано и внедрено мобильное приложение Smart ARSU, в которое включены онлайн услуги для студентов и ППС. По словам проректора по стратегическому развитию и цифровизации Алтыншаш Бекбауовой, новые технологии позволили предоставлять большой спектр услуг.

Студентам дистанционного отделения предостав-

На сегодняшний день в мобильном приложении Smart ARSU зарегистрировано более 12022 пользователей, оказано более 55512 онлайн услуг.

С 2020 года разработан и внедрен в учебный процесс образовательный портал для дистанционного образования, который позволяет автоматизировать формирование расписания, проведение видеоконференции, проведение онлайн тестирования с использованием элементов прокторинга.

Идет модификация сайта университета в части предоставления онлайн услуг и получения различной информации, вкладка «виртуальный университет». Формирован единая базы данных студентов, сотрудников, родителей.

Цифровые технологии предоставляют широкие возможности получения образования, расширяют горизонты получения знаний и диверсифицируют подходы к обучению.

Айерке Султанбекова

☑ Beautiful memory



Мгновение,

с которого началась студенческая жизнь

«Осень 1966 года - вновь открыта первая страница в летописи института. А нас, студентов нового набора филологического и физико-математического факультетов, ждал первый институтский звонок и первые лекции. Так случилось, что на первую свою лекцию я опоздала, и, когда в поисках нужной аудитории, мчалась по пустому, сияющему чистотой и светом коридору институтского здания, в котором сейчас располагается вторая школа, меня остановил фотокорреспондент, готовивший для местной газеты репортаж об открытии пединститута. Он сфотографировал меня вместе с первокурсником физико-математического факультета Петром Титовым на фоне нового корпуса, остановив навсегда мгновение, с которого началась наша студенческая жизнь и долгая педагогическая дорога...»

Это воспоминания заслуженного ветерана кафедры русской филологии и межкультурной коммуникации Zhubanov University Жигаревой Елены Александровны, посвятившей почти полвека жизни педагогике. Ее жизнь теснейшим образом связана с историей становления и развития вуза. Окончив его

с красным дипломом в 1970 году, Елена Александровна прошла стажировку на кафедре русского языка Ленинградского государственного педагогического института имени А.И. Герцена, после окончания которой приступила к работе здесь в должности старшего преподавателя кафедры русского языка. Вся ее последующая жизнь была посвящена служению науке и студен-



там. В 1980 году Елена Александровна поступила в аспирантуру при кафедре русского языка ЛГПИ им. А.И.Герцена. В июле 1983 года досрочно защитила кандидатскую диссертацию на тему «Авторские новообразования и их функции в письмах А.П.Чехова», подготовленную под руковод-

ством профессора Е.Г.Ковалевской. Диссертация Жигаревой Е.А. стала «первой ласточкой» в научных достижениях родной кафедры.

Вернувшись после защиты в АГПИ, Елена Александровна стала заведовать кафедрой русского языка (1983-1987 гг.). Для многих студентов Е.А.Жигарева стала «научной мамой» и открыла дорогу в большую науку. Многие ее вы-

пускники достигли научных высот и до сих пор преданно служат alma-mater. Всю свою профессиональную жизнь Елена Александровна проработала доцентом на кафедре. Сейчас она находится на заслуженном отдыхе в окружении детей и внуков.

Айерке Султанбекова



Yesterday

2001 жылдың 31 қаңтарында Қазақстан Республикасы Үкіметінің №163 қаулысымен университетке Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті мәртебесі берілді.



31 января 2001 года постановлением Правительства Республики Казахстан №163 университету присвоен статус Актюбинского государственного университета имени К.Жубанова.



On January 31, 2001, by the decree of the Government of the Republic of Kazakhstan №163, the university was given the status of the Aktobe State University named after K.Zhubanov.



ZHUBANOV
UNIVERSITY

Yesterday

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылдың 29 мамырындағы №529 қаулысымен Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетіне қайта біріктіріліп, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті болып қайта ұйымдас-тырылды.



Согласно постановлению №529 Правительства РК от 29 мая 2013 года произошло слияние Актыюбинского государственного педагогического института и Актыюбинского государственного университета имени К.Жубанова, ВУЗу присвоен статус Актыюбинского регионально-государственного университета имени К.Жубанова.



According to the decree No. 529 of the Government of the Republic of Kazakhstan dated May 29, 2013, the Aktoobe State Pedagogical Institute and the Aktoobe State University named after K. Zhubanov merged, the university was awarded the status of the Aktoobe Regional State University named after K.Zhubanov.

World learning experience

Zhubanov University заман талабына сәйкес оқыту жүйесінде теорияны өндіріспен ұштастыра оқыту технологиясына, яғни дуалды оқыту жүйесіне аса мән беріп келеді. Әсіресе, еліміздің барлық аймақтарына педагог-мамандар даярлау ісінде көшбасшы ЖОО бірі ретінде білім беру саласының бүгінгі осы саяси ұстанымына үндес болу әбден парыз. Университеттің 1984 жылы іргесі қаланған педагогика факультетін тәжірибелі маман, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Жанна Жүсіпова басқарады. Ортадағы тақырып заманауи оқыту үдерістерінің бірі – дуалды оқыту, жаңа форматты ұстаз ерекшелігі. Өңгіме тізгіні журналист Гүлнара Қарашада.

— Жанна Азатқызы, алдымен педагогке өз сипаттамаңызды беріңізші. Ол бүгін қандай болуы керек?

— Бүгінгі педагог келбеті оқытудың жаңа технологияларын жақсы меңгеріп, оны бойындағы ұстаздық шеберлігімен ұштастыра білген зеректігімен толықты. Әрине, бұл заман талабына лайық болуға әрекет. Құптаймын. Меніңше педагог бойына адамға тән бар асыл қасиетті жи-



ДУАЛДЫ ОҚЫТУ НӘТИЖЕСІ – САПАЛЫ МАМАН

наған, құрметке ие жан. Шәкіртке деген шексіз мейірімі мен талапшылдық қасиетін тең ұстай алатын, кәсібін жоғары деңгейде игерген маман. Қол созған биігіне жету жолында ылғи шығармашылық ізденісте жүретін, тәрбие тұнған тұлғасымен үлгі болатын адам деп есептеймін.

— Осы тізген қасиеттердің қайсысы сіздің бойыңызда бар, қайсысы әлі жетілдіру үстінде?

— Шәкіртке деген шексіз мейірімім мен талапшылдық қасиетімді тең ұстай алатыным болар. Әдетте шәкірттерімді есімімімен атаймын, кейде студент көп топтар болады, әсіресе «Дене шынықтыру және спорт», «Биология» мамандықтарында, соған қарамастан әр шәкірттің есімін жадымда сақтаймын. Егер мен тегімен

атап, дауыс ырғағымды сәл қатқылдау шығарсам, олар тез түсіне қояды. Кемшілігін біліп, ренжітпеуге тырысады. Жастарға ешқашан дауыс көтермеймін.

— Бүгінде дуалды оқу жүйесін дұрыс жолға қоймай кәсіби маман шығару қиын дейді білім саласында еңбектенуші қауым. Осы еуропалық оқыту үлгісі шынымен де өте тиімді ме? Оның көдуілгі өндірістік практикадан қандай айырмасы бар?

— Дуалды оқу жүйесі қарапайым тілмен айтқанда өндіріс басында оқыту. Өндірістік практикадан айырмасы осы. Өте тиімді. Оқу орнына да, студентке де. Дуалды оқу жүйесін оқу процесіне кең енгізудің нәтижесі ертеңгі сапалы маман шығаруға кепілдік. Түлек жұмыссыз қал-



майды, себебі дуалды оқу барысында болашақ мамандығынан мол тәжірибе жинақтап үлгереді. Біздің педагогикалық факультет өңірге, республика бойынша педагог-маман даярлайтын жетекші ұжымдардың бірі екенін мақтан тұтамыз. Өңірдегі білім саласында еңбек ететін жандардың 90 пайызы біздің түлектер. Бұл көрсеткіш бір жағынан атқарып отырған ісімізге үлкен жауапкершілік артады. Дуалдық оқыту жүйесі кәсіби педагог маман даярлауда тиімді, сондықтан факультет кафедраларында дуалды оқыту элементтерін әр білім бағдарламасына ендіру, практика базаларымен келісім-шартқа түру және кафедралар филиалдарын ашу жұмыстары үздіксіз жалғаса бермек. Бүгінде кафедра филиалдары - №33 «Нұрсәт» МДБО, «Алма Рай» балабақшасы, №1 және №2 қалалық педагогикалық, медициналық, психологиялық-кеңес беру

ру мемлекеттік мекемелерінде, №7 Арнайы коррекциялық (түзету) мектебі, №63 жалпы білім беретін мектепте өткізеді.

Дуалды оқыту жүйесін меңгеру кезінде студенттің өзіндік дүниетанымы қалыптасады, сабаққа деген ынтасы және жауапкершілігі артады, студенттің өз білімін өзі бағалай білуіне мүмкіндік туады, қабілетіне, болашағына сенуіне, танымдық әрекеттерінің қалыптасып, одан әрі шығармашылықпен айналысуына, пәнге қызығушылығының артуына себепші болады. Дуалды оқытудың біз байқаған осындай ерекшеліктері де бар.

— **Ең маңызды факультетке басшысыз. Сіздің басқару, үйлестіру қабілетіңіздің мықты екеніне сырттай қанықпыз. Сіздің қабілеттеріңіз болашақ педагог-маманның бәріне қажет болар. Оқытудың бұл тарапына**



мемлекеттік мекемелері, №11 Көру және сөйлеу тілі бұзылған балаларға арналған МДҰ, №7 арнайы коррекциялық (түзету) мектебінде, «Зерек» балаларды дамыту орталығы базасында ынтымақтастық келісім шарт негізінде дуалдық оқыту элементтерін пайдалана және толық дуалмен оқыту жүзеге асып жатыр.

Факультетте дуалды оқыту жүйесі элементтерінің білім беру процесіне енгізу мақсатындағы жұмыстар 6В01201-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу және 6В01901-Дефектология 6В01301 -Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі, 6В01101-Педагогика және психология мамандықтары бойынша жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Былтырғы оқу жылында 26 пән дуалды оқыту бойынша базаларда жүргізілді.

Дуалды оқыту сабақтарының облысымыздағы білім беру мекемелерінің тәжірибелі мамандары, үш тілде оқытатын №21 орта мектеп гимназиясында педагог – сарапшы А.М.Аниева, №72 жалпы білім беретін орта ІТ- мектеп-лицейінде педагогика ғылымдарының кандидаты, жоғары біліктілік санатты бастауыш сынып мұғалімі, мектеп директоры С.С.Салиш, №1 мектептің мұғалімі жоғары біліктілік санатты педагог-зерттеуші Г.Альсуюева, Ұ.Құлпымбетов атындағы №64 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі А.А.Арқабаева, №33 «Нұрсәт» МДБ орталығының меңгерушісі Б.К.Кусамбетова, №11 «Ақбота» көруі мен сөйлеу тілі бұзылған балаларға арналған МД білім беру ұйымының басшысы Ж.Ж.Измаева жүргізеді. Сонымен қатар, факультет оқытушылары практикалық сабақтарын «Балақай», «Ертөстік» «Еркемай» мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, №1, №2 педагогикалық-медициналық-психологиялық кеңес бе-

қаншалықты көңіл аударасыздар? Көшбасшылыққа баулу бойынша қандай жұмыстар жүреді?

— Беріп отырған бағаңызға рақмет. Әрине, көшбасшылыққа баулуға болады. Мұғалімнің қызметі топ алдында жүреді. Оған көшбасшылық қасиет міндетті түрде қажет. Өзім көшбасшылық жөнінде Америкада ғана емес, әлем бойынша танымал сарапшы, INJOY GROUP – көшбасшылық қасиеттерді арттыруға көмектесетін ұйымның өкілі Джон Максвеллдің «Көшбасшының 21 қасиеті» атты кітабында көрсеткен ақыл-кеңестерді басшылыққа аламын. Сондай-ақ шәкірттерімді көшбасшылыққа баулуда нұсқаулық ретінде қолданамын. Оқысаңыз, көшбасшылық жөнінде бар сұраққа жауап бар. Зерделі студентке сол кітапты атасаңыз жеткілікті. Кітапта жіктелген көшбасшылық қасиеттің ішінде әсіресе «Басқаларды жігерлендіріңіз» дегені ұнайды. Педагогқа алдындағы шәкіртін әрдайым жақсылыққа жігерлендіріп, оның дұрыс қадам жасауына мотиватор болуы қажет. Болашақ маманды осыған үйретеміз.

— **Университеттің 85 жылдық мерейтойына қандай тарту жасадыңыздар, сіздің ұжым ылғи тың идеяларымен ерекше еді.**

— Қарашанырақтың 85 жылдық мерейтойына факультетімізде түлектердің тартуы — «Киберпедагогика» зертханасы мен «Қазақстандық педагогика тарихы» мұражайы ашылады. Сонымен қатар «Педагогика ғылымының тарихы: дамуы және зерттеу перспективалары» атты онлайн форматта республикалық ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырамыз.

— **Шынайы жауаптарыңызға рақмет айтамын. Әрқашан табысты болыңыз.**



Today
Университет ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 11-қазандағы номері 752 «Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі жоғары оқу орындарының кейбір мәселелері туралы» Қаулысына сәйкес «Құдайберген Жұбанов атындағы өңірлік университеті» коммерциялық емес қоғам болып құрылды.

В соответствии с Постановлением Правительства РК от 11 октября 2019 года №752 «О некоторых вопросах высших учебных заведений Министерства образования и науки Республики Казахстан» и Приказом председателя Комитета государственного имущества и приватизации Министерства финансов РК №320 от 27 мая 2020 года «О создании некоммерческого акционерного общества «Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова» РГП на ПХВ «АРГУ имени К.Жубанова» реорганизовано в Некоммерческое акционерное общество «АРУ имени К.Жубанова».

In accordance with the Decree of the Government of the Republic of Kazakhstan dated October 11, 2019 No. 752 «On some issues of higher educational institutions of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan» and the Order of the Chairman of the Committee for State Property and Privatization of the Ministry of Finance of the Republic of Kazakhstan No. 320 dated May 27, 2020 «On the creation of a non-commercial joint stock company «Aktobe Regional University named after K. Zhubanov» RGP on REM «ARSU named after K. Zhubanov» was reorganized into the Non-commercial joint stock company «ARU named after K. Zhubanov».

☑ New project

В мае 2020 года Zhubanov University выиграл грант программы «Изменения в регионе» — RITA международного фонда «Свобода для демократии». Конкурсная комиссия присудила совместно с польским Центром безопасности и спасения проекту первое место. Реализация работы Польско-казахского регионального центра «Обучение безопасности и спасения» запланирована на 2020-2021 учебный год.

ПОЛЬСКО-КАЗАХСКИЙ РЕГИОНАЛЬНЫЙ ЦЕНТР «ОБУЧЕНИЕ БЕЗОПАСНОСТИ И СПАСЕНИЯ»



Участниками проекта станут школьники, учащиеся колледжей и студенты ВУЗов Актюбинской области. Охват составит более 30 тысяч человек. Специалисты Центра будут прививать молодежи культуру оказания первой помощи.

Главная идея состоит в обучении доврачебной реанимации большого числа населения для снижения показателей смертности больных до приезда кареты скорой помощи. Центр симуляции снабдят ультрасовременными манекенами норвежского производства. Благодаря таким технологиям для обучающихся создадут реальные условия экстренной ситуации, а манекены будут реагировать на оказываемую помощь. Ученики Центра по окончании курса получат сертификаты международного образца.

Стоимость проекта - 60000 zл (порядка 6,5 млн тг).

Айгерке Султанбекова

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, №КЗ26ВРҮ00026721 куәлігі 09.09.2020 ж. берілген.

Газет айына бір рет шығады

Газет бетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

Zhubanov University
облыстық ақпараттық-
танымдық газеті

Меншік иесі:
ҚР БЖҒМ «Қ.Жұбанов атындағы
Ақтөбе өңірлік университеті»
коммерциялық емес
акционерлік қоғамы

Басқарма төрағасы - ректор
Бауыржан Ердембеков

Бас редактор
Гүлнара Қараша

Аудармашы
Айгерке Сұлтанбекова

Дизайнер:
Айгерім Нуршина

Фотограф:
Есет Сарғузин

Редакцияның мекенжайы:
030000, Ақтөбе қаласы,
Гришин көшесі, 7 «А»
337 бөлме

E-mail:
gazetaZhU@mail.ru
Сайт: www.arsu.kz

Facebook: ZhU oblystyq gazetі

Таралымы: 5000 дана